



## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасында шарт жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 қарашадағы N 1173 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасындағы шарттың жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Жақсыбек Әбдірахметұлы Құлекеевке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасында шарт жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі халықаралық қоғам арасындағы шарт

Бұдан әрі Үкімет деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі бір тараптан және бұдан әрі-SOS KDI деп аталатын "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі халықаралық қоғамы екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп                      Т а р а п т а р                      д е п                      а т а л а т ы н д а р

Қазақстан Республикасында материалдық және тәрбиелік қолдауға мұқтаж балалар с а н ы н ы ң                      к ө п т і г і н е                      б а й л а н ы с т ы ;

осы Шарттың мақсаты мұндай балаларға жаңа отбасын, ана махаббатын, материалдық қамтамасыз етуді, сондай-ақ апат немесе саяси тұрақсыздық жағдайында SOS KDI қызметінің шеңберінде лайықты тәрбие мен қамқорлық ұсыну болуына б а й л а н ы с т ы ;

SOS KDI-дің барлық балалар ауылдары профессор Герман Гмайнер әзірлеген педагогикалық қағидаттарға негізделуіне және осы Шарты:: қоса беріліп отырған кіріспеді баяндалғанындай SOS KDI-ге байланысты;

Қазақстан Республикасында салынуы жоспарланып отырған SOS KDI балалар

ауылдарының осы қағидаттарға сәйкес жұмыс істейтіндігіне байланысты; төмендегілер туралы уағдаласты:

## 1. SOS KDI тарапынан

1.1. SOS KDI Қазақстан Республикасының аумағында бірінші SOS-балалар ауылын және басқа кейінгі ұқсас SOS-балалар ауылдарын, сондай-ақ SOS-балалар бақшалары, мектептері, әлеуметтік орталықтары, фермалары, оқыту орталықтары, емханалары және т.б. сияқты "жолай жобаларды" (бұдан әрі - SOS - жобалар) құруда, SOS KDI-дің педагогикалық және ұйымдастырушылық қағидаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетуде Үкіметпен тығыз ынтымақтастықты қолдайтын болады.

1.2. SOS KDI Үкіметпен ынтымақтастықта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Қазақстанның SOS-балалар ауылдары" атты Қорына (бұдан әрі - Қор) құрылтайшы болуға міндеттен еді.

Қор Жарғысы осы Шарттың екі Тарабы арасында келісілуі тиіс, сондай-ақ SOS KDI-дің педагогикалық және ұйымдастырушылық қағидаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес болуы тиіс.

1.3. SOS KDI-ге мүше ұйымдар арасындағы делдал ретінде SOS KDI Қазақстан Республикасының аумағында SOS-жобаларды салу мен толық жабдықтауды қамтамасыз етеді, олар сонымен қатар айналадағы қауымдастыққа да қызмет көрсетеді және балаларды белгілі бір бейін, бейімділік немесе кәсіп бойынша еңбекке дағдыландыруға көмектеседі, сондай-ақ Қорға өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті шығыстарды жабу үшін қосымша кіріс алуға жәрдемдеседі.

1.4. SOS KDI ресми ашылуын қоса Қазақстан Республикасында бірінші SOS-балалар ауылын толық ұйымдастыру мен жарактандыру үшін бүкіл жауапкершілікті өз мойнына алады және осы Шарттың шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында басқа SOS-жобалар ұйымдастыруға құқылы.

Қазақстан Республикасында бірінші SOS-балалар ауылын ұйымдастырғаннан және жарактандырғаннан кейін Қор өз қызметінің шеңберінде SOS-жобаларды ұстауға SOS KDI бөлетін қаражаттың тиесілі мақсатты жұмсалыуына толық қаржылық және өзге де бақылауды өз мойнына алады.

SOS KDI өзінің демеушілік бағдарламасы арқылы Қор шығындарын қолдау мен өтеуге жеткілікті барлық қажетті шараларды қолданатын болады. SOS KDI-дің қосымша субсидиясына өтініштерді Қор жыл сайын Қордың Директорлар кеңесі мен SOS KDI-дің өзі қажетті түрде бекіткен бюджетке сәйкес жасай алады.

Қор өз қызметін жүзеге асыру үшін тиісті қаражат пен жарналар жинауды ұйымдастыру үшін (Қор қаражатын жинау) барлық мүмкіндікті жасайды.

Аса қажет болған жағдайда SOS KDI, SOS балалар ауылдарында SOS аналар тәрбиелеп жатқан балалардың пайдасына SOS-жобаларды ұстауды толықтай қолдауға міндеттенеді.

1.5. SOS KDI Қазақстан Республикасының аумағында заңнамамен қабылданған тәрбиелік, діни және басқа дәстүрлі қағидаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын заңнаманы құрметтеуге міндеттенеді.

## 2. Үкімет тарапы

Үкімет мыналарға қол жеткізу үшін барлық мүмкіндікті жасауға міндеттенеді:

2.1. Тиісті жарна ретінде SOS-жобаларды және олармен қатар салынатын құрылыс объектілерін салу үшін лайықты жер учаскелерін таңдау.

2.2. SOS-жобаларды салуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджетіне төленетін барлық салықтарды және міндетті төлемдерді төлеуден босатуға қажетті рұқсат алу кепілдігін қамтамасыз ету.

2.3. SOS - жобаларды салу үшін су құбырларын, кәріз желісін, электр энергиясын беру желілерін (егер олар бар болса) жүргізуді, тиісті жолдар салуды қамтамасыз ету, SOS-жобаларды салу жөніндегі жоспарлар тиісті түрде мақұлданып, құрылыс басталғаннан кейін жедел түрде телефон байланысын және басқа да қажетті қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету.

2.4. SOS-жобаларының құрылысын бақылауды қамтамасыз ету және/немесе тиісті оқытуды қоса алғанда, жергілікті персоналға көмек көрсету мен консультациялар беру үшін SOS KDI тартылатын мамандар үшін тиісті визалар, оның ішінде көл дүркін визалар, тұруға, жұмыс істеуге рұқсаттарды тегін беру.

2.5. SOS KDI және Қазақстанның SOS балалар ауылдары, олардың активтері, кірістері мен басқа меншігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтардан және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерден, оның ішінде жеке табыс салығынан босатылады. <\*>

**Ескерту. 2.5.-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.19. N 351 қаулысымен .**

2.6. Егер осы қажет болса SOS-балалар ауылдарындағы балаларға құқықтық қолдауды қамтамасыз ету.

2.7. Көмек көрсету жөніндегі халықаралық ұйым ретінде SOS KDI шұғыл жағдайда құрылыс объектілеріне және адамдарға, оның ішінде көрсетілген объектілердегі балаларға материалдық, медициналық және өзге де көмек көрсету мақсатында қол жеткізу құқығына кепілдікті қамтамасыз ету.

2.8. Көмек көрсету жөніндегі халықаралық бейтарап ұйым ретінде SOS KDI-дің лайықты құрмет көрсету кепілдігін қамтамасыз ету.

2.9. "SOS-балалар ауылы" атауы мен эмблемасы Қазақстан Республикасының

тарапынан тиісті құқықтық қорғалуға және тек SOS KDI-ге мүше ұйымдар және тиісті жазбаша санкциялары барлары ғана осы атау мен эмблеманы пайдалану құқығына кепілдікті қамтамасыз ету.

### **3. Ескерту**

Үкімет осы Шарттың шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде қолданылатын негіз құраушы қағидаттармен, қоғамы адамгершілікпен, тәрбиелік және өзге де дәстүрлермен үйлеспейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзады деп есептейтін барлығына қатысты тыйым салу немесе шектеулер белгілеу құқығын өзіне қалдырады.

### **4. Жалпы ережелер**

4.1. Қазақстан Республикасының аумағында SOS-жобалар құрылысын салуды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қамқорлығымен SOS KDI жүзеге асырады.

4.2. Қазақстан Республикасының аумағында SOS KDI немесе SOS мүше ұйымдар құрған барлық SOS-балалар ауылдары "SOS-балалар ауылы" деп аталуға тиіс.

Алайда, әртүрлі қосымша немесе түсіндіруші атауларды қарастыру теріске шығарылмайды.

4.3 SOS KDI немесе SOS KDI-ға мүше ұйымдар Қазақстан Республикасының аумағында құрған барлық мектептер SOS қозғалысының негізін қалаған Герман Гмайнердің атында болуға тиіс.

4.4. SOS KDI және/немесе Қор Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының тарапынан түскен тиісті ұсыныстарды қарау мүмкіндігін теріске шығармайтын, бірақ сонымен бірге SOS-балалар ауылына балаларды қабылдау немесе оларды одан шығаруды белгілейтін шешуші инстанция болып табылады деген фактіні мойындау. Балаларды SOS-балалар ауылына қабылдау SOS KDI-дің өзі белгілеген өлшемдер мен қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4.5. SOS KDI-ге жеке жұмыс беруші ретінде SOS KDI-дің қағидаттары мен мақсаттарына сәйкес іріктелетін және Қазақстан Республикасында жұмыс істеуге тиісті өз персоналын еркін пайдалану құқығын беру.

4.6. Осы Шартқа қоса беріліп отырған кіріспе оның ажырамас бөлігі болып табылады.

4.7. Осы Шарттың ережелерін іске асыру барысында қандай да бір келіспеушілік немесе пікір алшақтығы болған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының аумағында SOS-балалар ауылдарын құру жөніндегі жұмыс тр жобалардың өздері де балалардың мүддесі үшін жүзеге асырылатынын ескере отырып, туындаған даулы мәселелерді ынтымақтастық рухында шешу үшін Үкімет пен SOS KDI құрамынан мүшелер комитетін құруға тиіс.

## 5. Шарттың бекітілуі, күшіне енуі және қолданылуының тоқтатылуы

5.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының бекітуіне жатады.

5.2. Осы Шарт Тараптар арасында оны Қазақстан Республикасының бекіткені туралы куәландыратын құжатпен және оның SOS KDI тарапынан ресми; расталу актісі туралы куәландыратын құжатпен алмасқан күнінен бастап күшіне енеді.

5.3. Осы Шарт күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі халықаралық қоғам арасындағы 1993 жылғы 22 қарашадағы SOS балалар ауылдарын құру құрылысын салу, жабдықтау және олардың жұмыс істеуі туралы Шарт пен олармен байланысты жобалардың Қазақстан Республикасында қолданылуы тоқтатылады.

5.4. Осы Шарт өзінің қолданылуын Тараптардың кез келгені басқа Тарапты Шарттың қолданылуын тоқтатуға өз шешімі туралы жазбаша түрде хабардар еткеннен кейін алты ай өткен соң тоқтатады.

2003 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ Астана қаласында әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

\_\_\_\_\_ Астана, .....  
*Қазақстан Республикасының* орны, күні  
*Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі*  
*Жақсыбек Құлекеев*

\_\_\_\_\_ Алматы, .....  
*SOS KINDERDORF INTERNATIONAL* орны, күні  
*Өңірлік директор*  
*Райнер Тойх*

## КІРІСПЕ SOS Ауылдар тұжырымдамасы

Ең алғашқы SOS ауылының негізін 1949 жылы Тирольдағы Имста қаласында Герман Гмайнер қалады. Бүгінгі таңда бұл ауылды Герман Гмайнердің SOS балалар ауылдары туралы идеясын халықаралық деңгейде іске асыру үшін үлгі болып отыр.

SOS балалар ауылдары ата-аналарынан айрылған немесе ата-аналары тастап кеткен балаларға немесе қалыпты отбасының жылуына мұқтаж балаларға көмектеседі. SOS-балалар ауылдарындағы отбасылар баланың өз отбасының орнына дәл осындай отбасының жылуын қамтамасыз етеді.

## **SOS-Балалар ауылдарының негізгі төрт құрамдас бөлігі**

Баланы SOS-балалар ауылдарында тәрбиелеу негізгі төрт қағидатты құрамдас бөлікке негізделген:

### **Ана**

Әрбір тастанды бала жаңа анасын табады. SOS-балалар ауылында тұратын аналар - өздеріне сеніп тапсырылған балаларға өз өмірін толығымен арнайтын әйелдер. SOS-балалар ауылындағы ана балаға өз махаббаты мен мейірімін береді, әрбір баланы оның салауатты дамуына қажетті барлық нәрсемен қамтамасыз етеді. Мұндай ауылдағы ана отбасының басшысы болып табылады. Ол үй шаруасын өз бетінше жүргізеді.

### **Аға-інілер мен апа-сіңлілер**

SOS-балалар ауылындағы әрбір отбасы әдетте 6-10 баладан тұрады, олар шын мәніндегі отбасындағыдай өз "аналарымен" аға-інілі, апа-сіңлісі болып бірге өмір сүретін әртүрлі жастағы ұлдар мен қыздар. Бір ата-анадан туған ұл-қыздар бір отбасында тәрбиеленеді.

SOS-балалар ауылына балалар нәресте кезінен бастап сегіз жасқа дейін қабылданады, бұл ретте олардың отбасында қалыпты тәрбиеленуге лайық болуы шарт. Неғұрлым ересек жастағы балалар қаны бір ағалы-қарындасты болып келетін топтың бір бөлігі болған жағдайда ғана қабылданады.

### **Үй**

SOS-балалар ауылындағы үйдің нағыз жүрегі - қонақ үй болып табылады. Балалар өз анасының ас даярлауын, барлық үй шаруасын жүргізуін қадағалайды және олармен отбасы өмірінің бүкіл қуанышы мен қайғысын бөліседі. SOS-балалар ауылындағы үй балалардың тұрақты үйі болып табылады. Мұндай отбасылық үйдегі өмір баланың сенімділігі мен қорғалғандық сезімін қамтамасыз етеді.

### **Ауыл**

Әдеттегі SOS балалар ауылы жеке-жеке отбасына арналған 10-20 үйден тұрады. Балалар мектепке барады және сөйтіп ауыл ұжымдық тәрбиені қамтамасыз ететін үлкен бір отбасына айналады. Шын мәнінде SOS-балалар ауылы балалар мен сыртқы дүниенің арасындағы көпір қызметін атқаруға есептелген. Сондықтан, оның орналасуы, жоспарлануы орнын анықтау кезінде және барлық қалған аспектілерде SOS-балалар ауылы қоршаған ортаның ажырамас бөлігі болуға тиісті. SOS-балалар ауылындағы әке

бейнесі әртүрлі қызметкерлер мен қызметшілер, ең алдымен ауыл директорының бейнесінде қабылданады.

SOS-балалар ауылының миссиясы барлық ұлттағы, мәдениет пен діни сенімдегі жетім және тастанды балаларды қоғамға біріктіруден, олар үшін болашаққа сенімі жол ашудан тұрады.

## **SOS-Балалар ауылындағы жастар**

SOS-балалар ауылдары қамтамасыз ететін бастапқы қолдауға қосымша жақын қауымдастықтағы балаларды өздерінің толыққанды дербес еңбек өмірін бастауы үшін зәру болып отырған қажетті дағдымен, ақыл-кеңеспен, консультациялармен, моральдық қолдаумен қамтамасыз ету үшін айтарлықтай күш-жігер жұмсалады.

Сондықтан SOS-балалар ауылдары барлық сеніп тапсырылған балалардың міндетті мектеп бағдарламасының шеңберінде өз қабілетін барынша дамытуына кепілдік беруді қамтамасыз етеді және егер қабілеттері лайықты болса олар білім алуын кәсіби-техникалық училищелерде, колледждерде немесе институттарда жалғастырады.

Балалық жастан асқан, бірақ жеке өмірін бастауға түпкілікті даяр емес жасөспірімдерге SOS ауылы кең мүмкіндіктер және жастарға арналған құралдармен қамтамасыз етеді, олардың қарауына оқу орталықтарын ұсынады, мұнда жасөспірімдер дербестіктің, басқалармен ынтымақтастықтың және араласудың құндылығын, айналадағы қоғам өміріне өз шамасы келгенше үлес қосудың маңыздылығын алғаш ұғына бастайды.

## **SOS-Балалар ауылы қауымдастығының көмегі**

Балалардың шағын тобына қарқынды көмекті қамтамасыз ететін көптеген елдерде, егер SOS-балалар ауылдары қоршаған қауымдастықтардағы көптеген балалар мен отбасылар үшін өмір сүру деңгейін жақсарту жөнінде қосымша жұмыс жүргізілмесе, мұндай көмектің қаншалықты маңызды болғанына қарамастан, әсер етуі шектеулі болады. Сондықтан SOS жобасы, сонымен қатар, басқа жағдайда бұл ауылдың көршілері мүлде қол жеткізе алмайтын қажетті қолдауды қамтамасыз етуді мақсат ететін жобалар мен бағдарламаларды ұйымдастыру мен іске асыруға қатысады. Мұндай жобалар күндізгі күтімді қамтамасыз ету жөніндегі орталықтарды, балалар бақшаларын, мектептерді, аналар мен балалар орталықтарын, емханаларды және т.б. қамтиды.

Мұнымен қатар SOS бағдарламасы бойынша жұмыс басқадай жағдайда отбасы мен тұтастай алғанда қауымдастық қамтамасыз етуге тиісті қолдаусыз және мейірімсіз қалуы мүмкін әлемнің барлық балалары үшін тамаша әлем құруға ұмтылады.

Осы кіріспе Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК